

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BTOUP3.2026/ISSN2710-2661>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. Т. Курмангалиева¹, С. М. Картаева², Б. Д. Жұмақаева³**

^{1,2}С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

³Сулейман Демирель атындағы университет,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4289-6872>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1715-6186>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>

*e-mail: guka.185@mail.ru

АБАЙТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада Абайтану пәнін оқытудың педагогикалық негіздері мен оның білім беру жүйесіндегі маңызы талданады. Абай Құнанбаевтың шығармалары жас ұрпақтың рухани, интеллектуалдық және адамгершілік дамуына ықпал ететін құрал ретінде қарастырылады. Әсіресе, «Толық адам» тұжырымдамасының қазіргі білім беру үдерісіндегі ролі ерекше атап өтілген.

Зерттеудің мақсаты – Абайтану пәнінде қолданылатын педагогикалық әдістерді саралау арқылы оның ұлттық тәрбиені дамытудағы ролін айқындау. Зерттеуде педагогикалық тәжірибе, контент-талдау, салыстырмалы талдау және интерактивті оқыту әдістері қолданылып, Абай мұрасының оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлауын дамытуға ықпалы бағаланды.

Мектеп бағдарламалары мен оқулықтарға контент-талдау жүргізіліп, оқушылар мен мұғалімдер арасында сауалнамалар мен сұхбаттар ұйымдастырылды. Педагогикалық тәжірибеде Абай шығармаларын оқытуда интерактивті технологиялар мен жобалық әдістердің тиімділігі зерттелді.

Мақалада Абайдың педагогикалық идеяларының тәрбиелік әлеуеті көрсетіліп, оның шығармалары арқылы оқушыларды еңбекқорлыққа, әділдікке және ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу жолдары зерделенді. Зерттеу нәтижелері Абайтану пәнінің ұлттық мәдениетті сақтап, оны жаһандық өркениетке интеграциялауға ықпал ететінін көрсетті. Қорытындыда Абай

мұрасының білім беру жүйесіндегі орны мен жастардың ұлттық сана-сезімін нығайтудағы рөлі көрсетілген.

Кілтті сөздер: Абайтану, педагогикалық әдістер, ұлттық тәрбие, рухани даму, білім беру жүйесі.

Кіріспе

Абайтану пәнін оқытудың өзектілігі қазіргі жаһандану дәуірінде ерекше маңызға ие. Жас ұрпаққа ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жеткізу, олардың бойында тарихи сананы қалыптастыру – еліміздің болашағы үшін маңызды қадам. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен ой-толғамдары адамгершілікке, ізгілікке және ұлттық рухты сақтауға үндейді. Осы құндылықтарды жас буынның санасына сіңіру арқылы біз олардың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін терең сезінуіне, рухани дамуына және ұлттық бірегейлікті сақтап, дамытуына ықпал етеміз.

Зерттеудің мақсаты – Абайтану пәнін оқытудың педагогикалық аспектілерін зерттеу арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын анықтау және оның тиімді әдістерін талдау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Абайтану пәнінің оқу мазмұнын және оның тәрбиелік әлеуетін талдау;
- Оқытудың заманауи педагогикалық әдістерін қолдана отырып, Абай мұрасының оқушыларға әсерін анықтау;
- Абайтану пәнін оқыту арқылы оқушылардың ұлттық рухын қалыптастыру және мәдениетке деген қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру.

Абайтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы ерекше тарихи кезеңдермен байланысты. Абайдың мұраларын зерттеу ісі алғаш рет ақынның көзі тірісінде басталды. Сол заманда ақынның бірнеше өлеңі «Дала уалаятының газеті» беттерінде жарияланған болатын. Алайда Абайдың толық шығармалары жеке кітап ретінде ақын қайтыс болғаннан кейін, 1909 жылы Санкт-Петербургте алғаш рет басылып шықты. Бұл жинақты Абайдың ұлы Турағұл Құнанбаев пен туысы Кәкітай Ысқақұлы құрастырып, ақынның қысқаша өмірбаянын да қосқан. Абайдың осы алғашқы жинағы әдебиет сүйер қауым мен зерттеушілер үшін үлкен маңызға ие болды.

Сол кезден бастап Абай мұрасына деген қызығушылық артып, оның шығармашылығына арналған зерттеулер жарық көре бастады. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев секілді зиялылар Абайдың шығармашылығын талдап, оның қазақ әдебиеті мен рухани өміріндегі орнын айқындауға тырысты. Алайда сол кездегі саяси ахуал мен 30-жылдардағы репрессиялар нәтижесінде Абай мұрасын зерттеу, оны насихаттау күрделі мәселеге айналды. Көптеген деректер мен зерттеулер ұмытылып, қол жетімсіз күйде қалды.

Абайдың шығармашылық мұрасын объективті түрде бағалау жолындағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде Әлихан Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласын айтуға болады. Бұл мақала алғаш рет 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарық көрген, ал кейінірек ол Императорлық географиялық қоғамның «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела» журналында 1907 жылы Абайдың портретімен бірге қайта басылып шықты.

Абайтану ғылымы кеңестік кезеңде де дамуын жалғастырды. 1920–1930 жылдары Абай мұрасы туралы әртүрлі пікірлер қалыптасып, бір жағынан оны қазақ халқының ұлы ақыны ретінде тану, екінші жағынан оны социалистік көзқараспен түсіндіруге ұмтылыс байқалды. Осы кезеңде Абай мұрасын зерттеу мен тануда М. Әуезовтің рөлі айрықша болды.

Мұхтар Әуезов – Абайтану ғылымының негізін салушы. Ол 1920 жылдардан бастап ақын шығармашылығын терең зерттеп, 1924 жылы Абайға арналған әдеби кеш ұйымдастырды және Абайдың толық шығармалар жинағын шығару туралы ұсыныс жасады. Абайға деген бұл қызығушылық оның ақын өмірі мен шығармашылығына арналған алғашқы ғылыми еңбегіне негіз болды. 1933 жылы М. Әуезовтің «Абай Құнанбайұлының толық жинағы» атты өлеңдерін қамтыған алғашқы ғылыми жинағы жарық көрді.

М. Әуезовтің еңбегі арқасында Абайтану ғылымы дамып, қазақ әдебиетінде дербес бағыт ретінде қалыптасты. Абай шығармашылығын түсіндірудегі оның көзқарасы мен зерттеу әдісі кейінгі зерттеушілерге бағдар болды. Әуезов Абай поэзиясын халықтың рухани байлығына айналдыруда, ондағы қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын, ақынның ой-толғамдары мен философиялық көзқарастарын айқындауда зор үлес қосты [1].

Абай мұрасының бірегей білгірі академик М. Әуезов: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнінде Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тұрғанын еске алу керек.

Бірінші жолы – баспа арқылы тарауы; екіншісі – халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі – қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуы», – дейді [2, 16-б.].

Абай поэзиясына Шығыс және Батыс әдебиетінің ықпалы оның шығармашылығын ұлттық шеңберден асырып, жалпыадамзаттық деңгейге көтерді. М. С. Сильченко Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде шығыстың классиктері Джами мен Науаи поэзиясының ізі бар екенін, олардың поэзияға қоятын талаптары Абайдың талғамы мен өлшемдерімен ұштасатынын көрсетеді. Абай орыс ақындарымен қатар шығыс поэзиясын да меңгеріп, екі мәдениеттің поэтикалық үлгілерін

біріктіру арқылы қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн мен форма енгізді, осылайша өзіндік даралығын танытты [3, 156-б.].

Мұхтар Әуезов Абай поэзиясына орыс әдебиетінің ықпалы ретінде махаббат пен көңіл-күй лирикасын атап көрсетеді. Бұл жанрлар «Өзгеге, көңілім, тоярсын», «Жүрегім менің қырық жамау», «Күлімсіреп аспан тұр» сияқты өлеңдерде көрінеді. Орыс классиктерінің ішінде Абайға ең жақыны Лермонтов болғанымен, бұл ықпал ақынның даралығын төмендетпейді. Керісінше, Абай Лермонтовтың терең сезімдерін қазақ лирикасына өзгеше өң беріп енгізіп, ұлттық поэзияға жаңа тыныс қосты. Әуезовтің пікірінше, Абай өз заманындағы саяси-тарихи жағдайларға қарамастан, өнер мен поэзияны биік қойып, шынайы шығармашылыққа ден қойды [4, 456-б.].

Бұл ерекшелікті зерттеген профессор Н. Кенжеғараев Абайды ұлттық шеңберден асып, әлемдік деңгейге көтерілген тұлға ретінде сипаттайды. Әуезов Абайдың ақындық ортасын екіге бөліп қарастырады: алған нәрі және өзгелерге берген нәрі. Абай Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты ақындардан үйреніп, ұлттық рухани байлықты бойына сіңіре отырып, шығыс пен батыс үлгілерін игеру арқылы жалпыадамзаттық деңгейге көтерілді. Академик С. Қирабаев та Абайдың ақындық жолы өз дәуірінің әдебиеті мен шындығымен тығыз байланысты болғанын атап көрсетеді [5, 336-б.].

Абайтану ғылымының дамуында Мұхтар Әуезовтің рөлі ерекше: ол Абайдың алғашқы ғылыми биографиясын жазып, қазақ поэзиясын зерттеуде үлкен еңбек сіңірді. Профессор М. Мырзахметұлының айтуынша, бүгінгі таңда Абайтануға қатысты деректердің саны төрт мыңға жетіп отыр, бұл ақын шығармашылығын кең ауқымда зерттеуге деген зор қызығушылықты көрсетеді [6, 192-б.]. Демек, Абайдың өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиеті мен жалпы адамзаттық ой-пікірдің асқақ биігіне көтерілген маңызды құбылыс болып табылады.

Абайдың дүниетанымы тек зерттеушілер үшін ғана емес, әрбір оқырман үшін де рухани байлыққа айналған. Ж.Қ. Байділлаева Абай арнайы педагогикалық еңбектер жазбағанына қарамастан, М. О. Әуезов, Қ. Б. Жарықбаев, Х. Сүйіншәлиев зерттеулерінде және ақынның өлеңдері мен қарасөздерінде жастарды тәрбиелеу мен оқытудың дидактикалық мәселелері жөнінде құнды ойлар мол екенін көрсетеді [7].

Абайды толық түсіну онайға соқпайды. Бұл жөнінде абайтанушы-ғалым Ғарифолла Есім былай дейді: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, жаттап алу да жеткіліксіз, мәселе оның терең мәнін ұғынуда. Абайдың шығармалары адамның ой-санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола түседі. Әрбір ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...» [8, 83-б.].

Г. Бельгер: «Неге Абайды аудару қиын?» – өзі жауап береді: «Абайдың бейнелері ұлттық дүниетанымға толы. Оларды сөзбе-сөз көбейту мағынасыз; оларды басқа тілдік шындыққа, қабылдаудың басқа деңгейіне және жаңа бейнелеу жүйесіне көшіру арқылы ғана бейімдеуге болады». Ғасырлар бойғы дала бірегей поэтикалық канондар мен дәстүрлерді қалыптастырды. Абай бұл канондарды саналы түрде бұзып, қалыптасқан дәстүрлерден алшақтайды және қазақ поэзиясына жаңа бояулар, жаңа сөздер мен көп қабатты мағына енгізе отырып, үйреншікті «Шығыс» мотивтерінен бас тартады [9].

Абайтану ғылымының жүзжылдық дамуында кеңес өкіметі орнағаннан кейін әдебиетші және философ ғалымдар тұрпайы социологиялық таным ықпалында қалып, Ұлы ақын мұрасын дұрыс қабылдай алмады. Әдебиеттің партиялық-таптық ұстанымдары ұлттық құндылыққа айналған Абай шығармаларын ғылыми тұрғыда зерделеуге кедергі болды. Мысалы, әлем мойындаған М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы байшылдық пен феодалдық дәстүрлерді дәріптейді деп қатты сынға ұшырап, Абайдың ақындық дәстүріне қарсы саяси-идеологиялық шабуылдар жасалды. Сондай-ақ Абай шығармашылығының шығыс қазынасымен байланысын зерттеуге тыйым салынып, халықтың рухани тірегі болған Ясауи мұрасын ғылыми тұрғыдан тануға да қарсылық көрсетілді [10, 27-б.].

1995 жылы ЮНЕСКО Абай жылын жариялауы оның ұлы мұрасының әлемдік маңыздылығын тағы бір рет дәлелдеді. Бұл шешім ақын Абайдың шығармашылығының тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін құнды екенін көрсетті. Абайдың рухани мұрасы жаһандық мәдениетке қосылған баға жетпес үлеске айналды [11].

Бүгінгі таңда Абайдың әлемдік қоғамдастықтағы маңыздылығы оның шығармашылығы арқылы көптеген адамдардың жалпы қазақ мәдениетіне қол жеткізуімен айқындалады. Қазақ классикалық әдебиетіне деген халықаралық тұрақты қызығушылық көптеген жарияланымдардан көрінеді. Сондықтан Абай поэзиясын түсіндіру өзекті және сұранысқа ие болып қалып, ұлы ақын шығармаларын сапалы аудару қажеттігін көрсетеді [12, 27-б.].

Абайға деген қызығушылық тек әдеби ортамен шектелмейді. Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Садықов Абай идеяларының бүгінгі күннің мәнмәтініндегі өзектілігі мен олардың Президент Тоқаевтың тұжырымдамалық идеяларымен байланысын атап өтті. Қазіргі заманғы Абайтану жаһандану мен ақпараттық технологиялар дәуірінде мәдени бірегейлік пен адамгершілік құндылықтарды нығайту құралы ретінде қарастырылады [13].

Қазіргі уақытта жас ұрпақ арасында Батыс мәдениетіне еліктеп, ұлттық салт-дәстүр мен ата-баба тәрбиесінен алыстау жиі байқалады. Бұл

өзекті мәселенің рухани шешімі – ұрпақты Абайдың әдеби мұрасы арқылы тәрбиелеу. Абайтанушы М. Мырзахметов: «Қазақ халқы ой-санасы мен дүниетанымының шыңы Абай мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік болмысын қалыптастыруда абайтану ілімі іргетасқа айналды. Сондықтан Абай мұрасын терең меңгеру – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», – деп атап көрсетеді [14].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу үдерісінде Абай мұрасын оқытуға кешенді көзқарас жүзеге асырылды: алдымен ғылыми еңбектерге шолу жасалып, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Қирабаев, М. Мырзахметов және өзге де зерттеушілердің еңбектері негізінде Абай шығармаларының ұлттық мәдениеттегі және білім беру жүйесіндегі маңызы нақтыланды. Контент-талдау әдісі арқылы мектеп бағдарламалары мен оқулықтарда қамтылған Абай мәтіндерінің тақырыптық шеңбері мен тәрбиелік мүмкіндіктері талданып, шығыс және батыс мәдениетімен астасу ерекшеліктері салыстырмалы талдау нәтижесінде айқындалды.

Педагогикалық тәжірибе кезеңінде «Абайтану» пәнін оқыту үдерісінде дәріс, топтық жұмыс, интерактивті, жобалық және шығармашылық сипаттағы әдістер пайдаланылды. Аталған тәсілдердің оқушылардың танымдық қызығушылығына, рухани жетілуіне, ұлттық құндылықтарды игеруіне әрі сыни ойлау қабілеттерінің қалыптасуына ықпалы бақылауға алынды. Сонымен қатар сауалнама мен сұхбат қорытындылары негізінде мұғалімдер мен оқушылардың пәннің мазмұны мен оны оқытуда қолданылатын әдістерге қатысты пікірлері талданды.

Зерттеу үлгісіне «Абайтану» пәнін оқыту тәжірибесі бар қала және ауыл мектептері мен лицейлері енгізілді. Сауалнамаға барлығы 160 оқушы (6–11-сыныптар) және 30 мұғалім (қазақ тілі мен әдебиеті, «Абайтану» курсы және өзге гуманитарлық пәндер мұғалімдері) қатысты. Аралас форматта әзірленген сауалнамада Абай шығармаларын оқыту жиілігі, пайдаланылатын оқыту әдістері, сондай-ақ пәннің ұлттық құндылықтарды игертуге, сабақтағы оқушы белсенділігі мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға әсері туралы сұрақтар енгізілді.

Когнитивтік талдау, мазмұнды құрылымдау және сандық әрі сапалық әдістерді біріктіре қолдану Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Толық адам» секілді шығармаларының идеялық-тәрбиелік қырларын тереңірек зерделеуге жағдай жасады. Бағдарламада бұл мәтіндердің қамтылу жиілігі сандық түрде белгіленіп, ал ұлттық құндылықтарды жеткізудегі ықпалы сапалық талдау негізінде бағаланды. Жинақтау мен жалпылау қорытындылары бойынша «Абайтану» пәнінің білім беру жүйесіндегі

рөлі айқындалып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін, шығармашылық мүмкіндіктерін және рухани қызығушылығын дамытуға бағытталған жанашыл оқыту тәсілдері негізделді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ ағартушысы, мемлекет қайраткері, философ, композитор және қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай (Ибрагим Құнанбаев) қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына елеулі ықпал еткен көрнекті тұлға болып саналады. 1845 жылы 10 тамызда Семей уезінде малшы отбасында дүниеге келген. Медреседе және орыс мектебінде білім алған. Абайдың шығармашылық жолы жас кезінен өлең жазумен, ән орындаудан басталды.

Абай шығармаларында қазақ тайпаларын біріктіру идеясы, ғылымдарды зерделеу мен кәсіптерді игерудің маңыздылығы жырланған жарқын лирикалық ақын болған. Оның халық өмірімен тығыз байланысты жұмысы өткір әлеуметтік мәселелерді көтерді. Абайдың лирикасы әр түрлі: көңілді және ойнақы тондардан бастап, өмірдің мәні туралы терең ойларға дейін, қазақ шындығының байлығы мен күрделілігін бейнелейді.

Бейсембиев атап өткендей, Абай Құнанбаевтың көптеген шығармалары адамгершілік және моральдық әңгімелер түрінде жазылған. Этика мәселелерін шешуде, басқа мәселелер сияқты, оның сүйікті ағартушылық мұраттары алдыңғы қатарда [15].

Ағартушы ақын поэзияның сыртқы формасына ғана емес, оның идеялық мазмұнына да ерекше мән берген. Ол үшін өлең жазушылар көп болғанымен, олардың аз ғана бөлігі сыртқы үйлесімділікті терең ішкі мәнмен ұштастыра алады. Абай поэзияны жоғары көркемдікпен қоса, мазмұны терең болуы тиіс деп түсінді, сондықтан ол көркем шығарманы ең алдымен көтерген идеясы, ой-пайымы және оқырманға берер рухани ықпалы арқылы бағалады.

Абай надандықпен, әділетсіздікпен, екіжүзділікпен, арамдықпен, пайдакүнемдікпен және өзгенің еңбегі есебінен күн көруге ұмтылумен ымырасыз күресті. Ол адамдар арасындағы сенімнің әлсіреуіне, дұшпандық пен өшпенділіктің, пендешілік пен мансапқорлықтың артуына күйзеле қарады. «Бір-бірін қудалап, бір-біріне мақтанып, шынайы бақытты сезінбей, бейшара ғұмырымызды бос өткіземіз; оны орынсыз қылықтармен рәсуа етіп, бәрі аяқталуға таяғанда өкініп жылаймыз, бірақ бар байлығымызға бір күндік ғұмырды да қайтара алмаймыз» деген ойлары арқылы ол адам өмірінің шынайы мәнін, уақыттың бағасын және пендешілік қателіктердің зардабын дәл суреттейді.

Абай жастарды қоғамдағы орнын саналы айқындап, алған білімін халықты надандық пен еріксіздіктен шығарып, елдің рухани өркендеуіне

жұмсауға үндейді. Оның өсиеттері мен адамгершілік, азаматтық көзқарастары бүгінде де маңызын жоймай, жас буынға құнды тәрбиелік бағдар болып отыр.

Абайдың тілі мен стилі оның ағартушылық-педагогикалық ойларын жеткізудің негізгі құралы ретінде көрінеді. Ол тыңдаушыға да, оқырманға да түсінікті, табиғи да бейнелі қазақ тілін қолданып, күрделі синтаксистік оралымдардан әдейі аулақ болады. Осындай қарапайым да нақпа-нақ тіл оқушыларға шығарманы жеңіл меңгеруге, қазақ тілінің көркемдік қуатын терең сезінуге және тілдік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Лиризм мен эмоциялық реңк Абай поэзиясының айқындаушы сипаты болып, терең сезімдер мен өмір мәні туралы толғаныстарды ашу арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектісін, эстетикалық талғамын және дүниені сезім арқылы нәзік түйсінуге қабілетін дамытады.

Абай мұрасы терең философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Өлеңдері мен қара сөздерінде мораль, еңбек, білім, адам болмысы, жан мен тән, ізгілік пен зұлымдық, қоғам мен жеке тұлға мәселелері кең қозғалып, жүйелі талданады. Мұндай мазмұн оқушыларды ойлануға, салыстырып пайымдауға, өз ойын дәлелдеуге, сұрақ қоя білуге жетелеп, сыни ойлау дағдыларын, өзін тану және өзін жетілдіруге ынтасын арттырады. Метафора, теңеу, символ тәрізді бейнелеу құралдарының молдығы Абай шығармаларын әсерлі де есте сақтауға жеңіл етіп, оқушылардың қиялын, елестету мүмкіндігін, көркемдік талғамы мен эстетикалық сезімін дамытады.

Абай шығармалары айқын әлеуметтік сарынмен ерекшеленеді: әділет, білімге ұмтылу, адамгершілік, қоғамдық жауапкершілік, жеке тұлға мен қоғам мүдделерінің сабақтастығы сияқты мәселелерді жиі көтереді. Бұл идеялар оқушыларды өз дәуірі мен қазіргі қоғамды салыстырып қарауға, әлеуметтік құбылыстарға бейжай қарамауға, азаматтық позициясын қалыптастыруға жетелейді. Сонымен бірге, өлеңдері мен қара сөздерінде шығыс пен батыс әдебиеті, философиялық мектептер, діни ойлау дәстүрлеріне қатысты ишаралар мол ұшырасып, интертекстуалдық желілер арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, пәнаралық байланыстарды күшейтуге және ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен салыстыра түсінуге мүмкіндік береді.

Абай мұрасының педагогикалық мүмкіндігі оның шығармаларында тұрақты көрінетін негізгі ұстанымдар арқылы ашылады. Соның бірі – білімге талпыну. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақын білімді адамның рухани кемелденуі мен материалдық тұрғыдан беріктенуінің басты шарты деп көрсетеді. Білімге үндеу, ғылымды меңгерудің маңызын дәлелдермен негіздеу оқушыларды оқу үдерісіне жауапкершілікпен қарауға, білімді

өмірлік құндылық ретінде ұғынуға, өз бетінше ізденіп, тоқтаусыз оқып-үйренуге ынталандырады.

Еңбекке ұмтылу қағидаты Абай көзқарасында маңызды орын алады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген жолдарымен ол шынайы табысқа тек адал еңбек арқылы жетуге болатынын көрсетеді. Мұндай түсінік жасөспірімдерді жалқаулық пен масылдықтан сақтап, жауапкершілікке, тәртіпке және өз еңбегінің жемісін қадірлеуге баулиды, болашақ мамандық пен өмірлік жолды таңдаудағы ұстанымдарына оң әсер етеді.

Абай шығармаларында адамгершілік пен әділет тақырыбы кең өрбиді. Қара сөздерінде ол әділеттілік, мейірім, кішіпейілдік, шындықты айту сияқты қасиеттерді адамның өмірлік темірқазығы ретінде көрсетеді. Бұл ойлар оқушыларға моральдық-этикалық ұстанымдарды тереңірек түсінуге көмектесіп, қарым-қатынаста сыйластық пен жауапкершілік танытуға, жанашыр болуға, кикілжіңдерді әділ жолмен шешуге жетелеп, мектеп қоғамдастығында қарым-қатынас мәдениетінің орнығуына ықпал етеді.

Өзін-өзі дамыту, жеке басын жетілдіруге ұмтылу Абай мұрасының негізгі қағидаттарының бірі. «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы ақын адам әрдайым ізденісте болып, ақыл, жүрек, қайратты бірлікте жетілдіріп, рухани және зияткерлік тұрғыдан үнемі өсуі керектігін айтады. Бұл бағдар оқушыларға өз мүмкіндіктерін танып-біліп, күшті және әлсіз тұстарын саралауға, жеке дамуына қатысты мақсаттарын саналы айқындауға түрткі болып, тұлғаның жан-жақты жетілуін көздейтін қазіргі білім беру құндылықтарымен үндеседі.

Ұлттық сана мен мәдениетке ілтипат – Абай шығармаларындағы маңызды педагогикалық бағдарлардың бірі. Табиғат лирикасы мен тарихи-философиялық өлеңдерінде ол қазақ халқының дүниетанымын, тұрмыс-салтын, ұлттық мінезін терең сезіммен бейнелейді. Мұндай мәтіндер оқушыларды өз халқының тарихын, тілін, мәдениеті мен дәстүрін мақтанышпен қабылдауға, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, мәдени мұраны сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуге жетелейді.

Тәртіп пен ұстамдылық тақырыбы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде маңызды орын алады. Ол нәпсіні тежеу, уақытты босқа өткізбеу, өсек, өтірік, мақтан, жалқаулық, орынсыз ысырап сияқты зиянды әдеттерден аулақ болу керектігін үнемі еске салады. Бұл ұстанымдар оқушылардың мінез-құлқын түзетіп, өзін-өзі қадағалау қабілетін нығайтуға және мақсатқа жоспарлы еңбек арқылы жетуге жәрдемдеседі.


Зерттеу үдерісінде «Абайтану» пәнін оқыту тәжірибесі бар жалпы білім беретін мектептер мен лицейлер іріктеліп алынды. Сауалнамаға барлығы 160 оқушы мен 30 мұғалім (қазақ тілі мен әдебиеті, «Абайтану» және басқа да

гуманитарлық пәндер мұғалімдері) тартылды. Оқушылар 6–11-сыныптардан қамтылды: 6–7-сыныптар үлесі – шамамен 32 %, 8–9-сыныптар – 38 %, 10–11-сыныптар – 30 %. Қатысушылардың 70 %-ы – қалалық, 30 %-ы – ауылдық мектептерден. Гендерлік тұрғыдан алғанда, оқушылар құрамының 57 %-ын қыздар, 43 %-ын ұлдар құрайды.

Сауалнама аралас үлгіде ұйымдастырылып, жабық сұрақтар, Лайкерт шкаласындағы тұжырымдар және қысқа ашық жауаптардан тұрды. Онда Абай шығармаларының оқытылу жиілігі, қолданылатын оқыту тәсілдері (дәріс, диалог, топтық жұмыс, жобалық және интерактивті әдістер), сондай-ақ пәннің ұлттық құндылықтарды меңгеруге, сыни ойлауға және оқушылар белсенділігіне ықпалына қатысты сұрақтар қамтылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың 65 %-ы Абай шығармаларын жүйелі оқу ұлттық құндылықтарға қызығушылығын күшейткенін айтқан. Респонденттердің 53 %-ы мәтінді талдау мен пікірталас сыни ойлауға елеулі әсер еткенін, 46 %-ы интерактивті тәсілдер (пікірталас, жоба, цифрлық платформалар) сабақтағы белсенділікті арттырғанын көрсеткен. Мұғалімдер де бұл пікірлерді қолдайды: тиісінше 80 %, 63 % және 57 % осы тұжырымдармен келіскен.

Сауалнама қорытындылары бойынша алынған жиынтық индикаторлар 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – «Абайтану» пәні бойынша сауалнама нәтижелері (оқушылар мен мұғалімдер пікірлері)

Эмпирикалық зерттеу қорытындылары да осы тұжырымдарды қуаттайды. «Абайтану» пәнін оқуға қатысқан 160 оқушы мен 30 мұғалімнің сауалнама жауаптары талданды. Интерактивті және жобалық әдістер жүйелі қолданылған сыныптарда пәнге жоғары қызығушылық танытқан оқушылардың үлесі 40 %-дан 68 %-ға өсті. Абайдың моральдық-этикалық идеяларын меңгеруді сипаттайтын интегралдық көрсеткіш (1–5 шкаласы) $3,2 \pm 0,8$ -ден $4,1 \pm 0,7$ -ге көтерілді. Рефлексиялық эсселердің сапасы да (рубрикатор бойынша) 3,1-ден 4,2-ге дейін өсіп, мәтінді талдау тереңдігі мен авторлық ұстанымды негіздеу жақсарғаны байқалды. Бұл деректер интерактивті және жобалық оқыту технологияларын мақсатты қолдану «Абайтану» пәні аясында оқушылардың мотивациясын, сыни ойлау дағдыларын және құндылықтық бағдарларын айтарлықтай күшейтетініне дәлел болады.

Қорытындылай келе, Абай шығармаларында айқындалған білімге ұмтылу, еңбекке беріктік, адамгершілік пен әділеттілік, өзін-өзі жетілдіру, ұлттық сана мен мәдени мұраға құрмет, тәртіп пен ұстамдылық сияқты қағидаттар қазіргі білім беру жүйесі үшін қуатты тәрбиелік әлеуетке ие. Аталған ұстанымдарды оқу-тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізу оқушылардың рухани дүниесін байытып, олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, азаматтық жауапкершілігін, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенген өмірлік бағытын қалыптастыруға едәуір үлес қосады.

Абайдың білім алуға, еңбекті құрметтеуге, әділдік пен адамгершілікке үндеуі жастардың рухани кемелденуіне және өмірге саналы, жауапты көзқараспен қарауына негіз болады. Ақын шығармаларында көтерілетін ұлттық сана мен мәдениетті қастерлеу идеясы оқушылардың өз халқының құндылықтарын бағалай білуіне жол ашады. Сондай-ақ, өзін-өзі жетілдіру мен тәртіпке мән беру оқушылардың жеке тұлғалық және зияткерлік мүмкіндіктерін ашып, оларды жан-жақты дамытуға жағдай жасайды.

Бірінші кесте мектеп бағдарламасына енгізілген Абай шығармаларының сыныптар бойынша тақырыптық мазмұнын талдап, олардың тәрбиелік және білімдік мақсаттарын көрсетеді.

Бұл кесте шығармалардың мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түсінуге және игеруге көмектесетін педагогикалық мақсаттарды анықтайды. Абайдың әрбір туындысы оқушылардың білімін, адамгершілік қасиеттерін және ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталғанын көрсетеді. Кесте мұғалімдерге Абай шығармаларын тиімді оқыту әдістерін таңдау үшін құрал ретінде қызмет етеді.

1-кесте – Мектеп бағдарламасындағы Абай шығармаларының тақырыптық мазмұны

Сынып	Қосылған шығармалар	Тақырыптық мазмұны	Педагогикалық мақсаты
6-сынып	«Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс»	Табиғаттың жыл мезгілдері арқылы адам өмірінің кезеңдерін сипаттау	Табиғатқа сүйіспеншілік тәрбиелеу, оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру
7-сынып	«Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр»	Білімге ұмтылу мен ғылымды үйренудің маңыздылығы	Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлыққа ынталандыру
8-сынып	«Өлең – сөздің патшасы», «Еңбек етсең ерінбей»	Өнер мен поэзияның адам өміріндегі маңызы, еңбекқорлық пен адалдықтың құндылығы	Поэзия мен еңбектің құндылығын түсіндіру, рухани-адамгершілік тәрбиесін күшейту
9-сынып	Қара сөздер (он жетінші, отыз жетінші сөздер)	Әділдік, адамгершілік, өзін-өзі жетілдіру мәселелері	Қоғамдағы этикалық құндылықтарды түсіндіру және жауапкершілікке тәрбиелеу
10-сынып	«Масғұт», «Искендер» поэмалары	Әлемдік әдебиетпен байланыс, ақыл мен әділдіктің маңыздылығын көрсету	Әлемдік мәдени мұраларды түсіну және сыни ойлауды дамыту

11-сынып	«Толық адам» философиясы	Жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру үшін білім мен рухани құндылықтардың маңызы	Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын ынталандыру және өмірлік мақсат қоюға үйрету
----------	--------------------------	--	---

Екінші кестеде «Абайтану» пәнін оқытуда қолданылатын әдістердің сипаттамасы, артықшылықтары және нақты қолдану мысалдары ұсынылған. Олар оқу үдерісін тиімдірек ұйымдастыруға және оқушылардың білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

2-кесте – «Абайтану» пәнін оқыту әдістері

Оқыту әдісі	Сипаттамасы	Артықшылықтары	Қолдану мысалдары
Дәрістік әдіс	Мұғалімнің шығармалар мен олардың тақырыптық мазмұнын түсіндіруі	Табиғаттың жыл мезгілдері арқылы адам өмірінің кезеңдерін сипаттау	Табиғатқа сүйіспеншілік тәрбиелеу, оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру
Диалогтық әдіс	Оқушылармен пікірталас және талқылау арқылы білім беру	Оқушылардың сыни ойлау қабілетін және коммуникативтік дағдыларын дамытады	Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлыққа ынталандыру
Топтық жұмыс	Шағын топтарда тапсырмалар орындау немесе мәтіндерді талдау	Бірлескен жұмыс арқылы оқушылардың ұжымдық дағдыларын жетілдіреді	Абай өлеңдерінің идеялық мазмұнын топта талдау
Интерактивті әдістер	Сандық технологиялар мен мультимедианы пайдалану арқылы оқыту	Материалды меңгеруді жеңілдетеді және қызығушылықты арттырады	Абай шығармалары туралы бейнематериалдарды көрсету

Жобалық әдіс	Оқушылардың өздігінен зерттеу жүргізіп, тақырып бойынша жобаларды әзірлеуі	Шығармашылық қабілеттерді дамытуға және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді	«Абай мұрасы және қазіргі қоғам» тақырыбында жоба әзірлеу
Көркемдік интерпретация әдісі	Абай шығармаларын сахналау немесе өнер туындыларын жасау арқылы түсіндіру	Көркемдік және эстетикалық қабілеттерді жетілдіреді, оқушыларды шығармашылыққа ынталандырады	Абай өлеңдерін сахналық қойылым ретінде көрсету
Практикалық тапсырмалар	Шығармаларды мазмұндау, өлеңдерді жатқа оқу, эссе жазу	Оқушылардың шығармашылық және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытады	«Абайдың толық адам идеясы» тақырыбында эссе жазу

«Абайтану» пәнін оқыту әдістері – бұл мұғалімдерге Абай шығармаларын терең және мазмұнды түрде оқытуда көмектесетін ұсыныстар жиынтығы. Бұл әдістер оқушылардың интеллектуалдық және рухани дамуын, олардың эстетикалық талғамы мен сыни ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Әдістерді таңдауда оқу материалдарының ерекшеліктері, оқушылардың жас деңгейі және пәннің тәрбиелік мәні ескеріледі. Олар дәрістік түсіндіруден бастап, интерактивті тәсілдер мен жобалық жұмыстарға дейінгі әртүрлі педагогикалық құралдарды қамтиды. «Абайтану» пәнін оқыту әдістері мұғалімдерге сабақты қызықты, мазмұнды және тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Бұл ұсыныстар оқушылардың ұлттық құндылықтарды түсінуі мен қазіргі заман талабына сай тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруына ықпал етеді.

Үшінші кестеде Абай шығармаларындағы негізгі моральдық және адамгершілік құндылықтар көрсетілген. Оларды оқыту оқушыларды рухани дамуға, қоғамда белсенді және жауапты тұлға ретінде қалыптасуға ынталандырады.

3-кесте – Абай шығармаларындағы негізгі моральдық және адамгершілік құндылықтар

Моральдық құндылықтар	Абай шығармаларындағы көрінісі	Тәрбиелік мәні
Әділдік	Қара сөздерінде әділдікті басты адамгершілік қасиет ретінде қарастырып, әділетсіздікке қарсы шыққан	Оқушыларды әділдікке баулып, қоғамдағы өз құқықтары мен міндеттерін түсінуге үйретеді
Еңбекқорлық	«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» өлеңінде еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын насихаттаған	Еңбектің құндылығын түсіндіреді, оқушыларды жауапкершілікке және адал еңбекке ынталандырады
Білімге құштарлық	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде білімнің адамның жетілуі мен қоғамдағы орны үшін қажеттілігін көрсетті	Оқушыларды білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге бағыттайды
Мейірімділік пен кешірімшілдік	Қара сөздерінде мейірімділік пен кешірімділіктің адам өміріндегі маңызды рөлін ерекше атап өткен	Оқушыларды мейірімді, кешірімді болуға, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға баулиды
Ұстамдылық	«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген бес жаудан аулақ болуды үндеген	Жаман әдеттерден аулақ болуды үйретіп, тәртіп пен өзін-өзі басқаруды қалыптастырады
Ұлттық сана	Табиғат лирикасында және тарихи өлеңдерінде казак халқының мәдениеті мен дәстүріне құрмет көрсеткен	Ұлттық құндылықтарды түсініп, құрметтеуді және ұлттық сананы нығайтуды тәрбиелейді

Үшінші кестеде Абай шығармаларындағы негізгі моральдық және адамгершілік құндылықтар жүйеленіп, олардың тәрбиелік мәні айқындалған. Бұл кесте оқушылардың рухани дамуына бағытталған оқу процесінде Абайдың шығармашылық мұрасын қолданудың тиімділігін көрсетеді. Әділдік пен адамгершілік, еңбекқорлық, білімге құштарлық сияқты

құндылықтар оқушыларды өмірге жауапкершілікпен карауға, моральдық-этикалық нормаларды түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйретеді.

Сонымен қатар, Абай шығармаларында ұлттық сана мен мәдениетке құрмет көрсету идеясы ерекше орын алады. Бұл идея оқушылардың ұлттық құндылықтарды түсінуін, оларды мақтаныш етуін және құрметтеуін қамтамасыз етеді. Мұндай құндылықтар қазіргі қоғамның маңызды аспектісі болып табылады, себебі олар оқушылардың азаматтық санасын қалыптастыруға және олардың әлеуметтік белсенді тұлға ретінде дамуына негіз болады. Абай шығармаларын оқыту арқылы оқушыларға ұлттық мәдениеттің тереңдігін сезінуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге мүмкіндік беріледі. Осылайша, кестеде көрсетілген моральдық және адамгершілік құндылықтар оқушылардың тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуына негіз болып, олардың болашақта қоғамға жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытынды

Абайтану пәнін оқытудың педагогикалық негіздері ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды құралы ретінде түсіндіріледі. Бұл пән Абай шығармашылығын тек таныстырумен ғана шектелмей, оның адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық, білімге ұмтылу туралы ойларын бүгінгі қоғамның рухани және әлеуметтік мәселелерін ұғынуға пайдалануға бағдарлайды. Осы арқылы оқушылардың тұлғалық қалыптасуы мен өмірлік ұстанымдарын дамытуға қолайлы жағдай туындайды.

Зерттеу қорытындылары Абай шығармаларының оқушыларды тарихи санасы қалыптасқан, рухани дүниесі кемел, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін тұлға етіп тәрбиелеуде ерекше маңызға ие екенін айқындады. Ақын мұрасының бейнелілікке және терең философиялық мазмұнға бай болуы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге, ұлттық өзіндік санасын арттыруға мүмкіндік береді. Осындай мазмұнды сабақтастықпен меңгеру жас ұрпақтың рухани тұрақтылығын күшейтеді.

Зерттеу шеңберінде әзірленген кестелер Абай шығармашылығының оқу үдерісіндегі мазмұнын құрылымдауға мүмкіндік берді: бір кестеде ақынның тілдік және стильдік ерекшеліктерінің педагогикалық мәні көрсетілсе, екіншісінде негізгі тәрбиелік ұстанымдары жүйеленді. Бұл деректер оқушылардың тек білімдік құзыретін емес, сондай-ақ адамгершілік болмысын қалыптастыруға бағытталды. Нәтижесінде пән мазмұны оқыту мен тәрбиені өзара бірлікте жүзеге асыратын тиімді құрал ретінде бекітілді.

Оқыту барысында пайдаланылған диалогқа негізделген тәсілдер, топтық жұмыс, интерактивті технологиялар, жобалық және шығармашылық сипаттағы тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтіп,

олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі түсіндірмелі дәрісті цифрлық платформалармен, мультимедиялық материалдармен, сондай-ақ рефлексиялық эссе, пікірталас, портфолио секілді тапсырмалармен үйлестірудің пәрменділігін айғақтады. Сонымен қатар сыныптан тыс кезеңде Абай мәтіндерін өз бетімен оқу және оларды заманауи жағдайлармен байланыстыратын шағын зерттеу жобаларын ұйымдастыру оқушылардың ұлттық өзіндік санасын және жауапты азаматтық позициясын нығайтуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Абай мұрасын дәріптеу тек мектеп аясында ғана емес, жоғары оқу орындарының білім беру кеңістігінде, түрлі қоғамдық шараларда, сондай-ақ бұқаралық акпарат құралдары арқылы жалғасуы қажет. Зерттеу нәтижесінде Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыру арқылы жаһандық деңгейде рухани өзара түсіністік пен мәдени сұхбатты ілгерілетудегі орны нақтыланды. Тұтастай алғанда, «Абайтану» пәнін жүйелі түрде оқыту адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық құндылықтарын бекітуге, ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетке құрметпен қарайтын жас ұрпақты тәрбиелеуге елеулі үлес қосатыны анықталды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Абәведение [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: – https://semevlib.kz/?page_id=987&lang=ru.

2 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы 20 т. [Мәтін]– Алматы : Жазушы, 1985. – 16-б.

3 **Сильченко, М. С.** Творческая биография Абая. – Алма-Ата : издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. – 156 с.

4 **Баянбай, Қ. Әуезов М.** Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10. [Мәтін] – Алматы : Ғылым, 2003. – 456-б.

5 **Қирабаев, С.** Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. // Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. – Алматы : Ғылым, 1994. – 336-б.

6 **Мырзахметов, М.** Абайтану тарихы. [Мәтін] – Алматы : Ана тілі, 1994. – 192 б.

7 **Бәйділлаева, Ж. Қ.** «Абай мұрасындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді болашақ педагогтардың кәсіби дайындығында пайдалану». // 6M010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның рефераты. – Қызылорда, 2012.

8 **Есім, Ғ.** Абай туралы философиялық трактат. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 83-б.

- 9 **Бельгер, Г.** Почему трудно переводить Абая? [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: – <http://abai-inst.kz/rus/?p=150>.
- 10 **Мырзахметов, М.** Абайтану. [Мәтін] / Қазығұрт. – Алматы, 2020. – 27-б.
- 11 Наследие Абая и отражение в литературе. Абаяевские чтения. Вып. I, II – Алматы: Нац. Комиссия РК по делам ЮНЕСКО, 1997.
- 12 Проблемы современного сравнительного литературоведения // Под редакцией Вишневской Н. А. и Михайлова А. Д. – М. : ИМЛИ РАН, 2024. – С. 23–27.
- 13 О главном казахском просветителе: как развивается абаяеведение в наши дни [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://www.nur.kz/society/2070186-o-glavnom-kazahskom-prosvetitele-kak-razvivaetsya-abaevedenie-v-nashi-dni/>
- 14 Абайтанушы ғалым М. Мырзахметовпен сұхбат Д. Сейітжанұлы, «Үш қиян» [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://ushkiyan.kz/?p=1232#more-1232>
- 15 **Бейсембиев, К. Б.** Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата : «Казахстан», 1976. – 428 с. [Электронный ресурс]. – Қол жеткізу режимі: URL – <http://knigi.link/obschestvennoy-mysli-istoriya/eticheskie-esteticheskie-vzglyadyi-6497.html>. (Қараған күні: 6.06.2016).

References

- 1 Abaevedenie [Abai Studies] [Electronic resource]. – Access mode: – https://semeylib.kz/?page_id=987&lang=ru
- 2 **Auezov, M.** Zhiyrma tomdyk shygarmalar zhinagy 20 t. [Collection of works in twenty volumes 20 volumes] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1985. – 16 p.
- 3 **Silchenko, M. S.** Tvorcheskaya biografiya Abaya [Creative biography of Abai]. – Alma-Ata : Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoy SSR [Publishing house of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], 1957. – 156 p.
- 4 **Bayanbay, K.** Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyk zhinagy [Auezov M. 50-volume collection of works]. Vol. 10. [Text]. – Almaty : Gylym, 2003. – 456 p.
- 5 **Kirabaev, S.** [On the next tasks of Abay studies]. // Kytapta: Abai zhane kazirgi zaman: Zertteuler zhinagy [Abai and the Modern Era : Collection of Studies]. – Almaty : Gylym, 1994. – 336 p.
- 6 **Myrzakhmetov, M.** Abaytanu tarikhy [History of Abai Studies] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1994. – 192 p.
- 7 **Baydillaeva, Zh. K.** Abai murasyndagy talim-tarbielik oi-pikirlerdi bolashak pedagogtardyn kasibi dayyndygynda paidalanu [Using Abai's

pedagogical ideas in the professional training of future educators]. // *Pedagogika zhane psikhologiya mamandygy boiynsha bilim magistri akademiyalyk дәrezhесin alu ushyn дайналған dissertatsiyanyн referaty* [Abstract of the dissertation prepared for the academic degree of Master of Education in Pedagogy and Psychology]. – Kyzylorda, 2012.

8 **Esim, G.** Abai turaly filosofiyalyq traktat [Philosophical treatise about Abai]. – Almaty : Qazaq Universiteti [Kazakh University], 2004. – 83 p.

9 **Belger, G.** Pochemu trudno perevodit Abaya? [Why is it difficult to translate Abai?] [Electronic resource]. – Access mode: – <http://abai-inst.kz/rus/?p=150>.

10 **Myrzakhmetov, M.** Abaytanu [Abai Studies]. / Qazygurt. – Almaty, 2020. – 27 p.

11 Nasledie Abaya i otrazhenie v literature. Abaevskie chteniya. Vol. I, II. [Abai's legacy and reflection in literature. Abayev readings. Vol. I, II]. – Almaty : Nat. Komissiya RK po delam YUNESKO, [Nat. Commission RK on UNESCO] 1997.

12 Problemy sovremennogo sravnitel'nogo literaturovedeniya [Problems of modern comparative Literature] // Pod redaktsiye Vishnevskoy N.A. i Mikhailova A. D. [Edited by Vishnevskoi N. A. and Mikhailova A. D.]. – M. : IMLI RAN, 2024. – P. 23–27.

13 O glavnom kazakhskom prosvetitele: kak razvivaetsya abaevedenie v nashi dni [About the Main Kazakh Enlightener: How Abai Studies are Developing Today] [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.nur.kz/society/2070186-o-glavnom-kazakhskom-prosvetitele-kak-razvivaetsya-abaevedenie-v-nashi-dni/>

14 Abaitanushy ghalym M. Myrzakhmetovpen sukbat D. Seitzhanuly, «Ush Kiyan» [Interview with the Abay scientist M. Myrzakhmetov D. Seitzhanuly, «Ush Kiyan»] [Electronic resource]. – Access mode: <http://ushkiyan.kz/?p=1232#more-1232>.

15 **Beisembiev, K. B.** Ocherki istorii obshchestvenno-politicheskoy i filosofskoy mysli Kazakhstana (dorevolutsionnyy period). [Essays on the history of socio-political and philosophical thought in Kazakhstan (pre-revolutionary period)]. – Alma-Ata: «Kazakhstan», 1976. – 428 p. [Electronic resource]. – Access mode: <http://knigi.link/obschestvennoy-mysli-istoriya/eticheskie-esteticheskie-vzglyadyi-6497.html>. (Access date: 6.06.2016).

07.02.25 ж. баспаға түсті.

24.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

03.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Құрманғалиева¹, С. М. Картаева², Б. Д. Жұмакаева³

^{1,2}Восточно-Казахстанский университет

имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;

³Университет им. Сулеймана Демиреля,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 07.02.25.

Поступило с исправлениями 24.02.25.

Принято в печать 03.08.26.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ АБАЕВЕДЕНИЕ

В статье анализируются педагогические основы преподавания дисциплины Абаеведение и ее значение в системе образования. Произведения Абая Кунанбаева рассматриваются как средство, способствующее духовному, интеллектуальному и нравственному развитию подрастающего поколения. Особо подчеркивается роль понятия «современный человек» в современном образовательном процессе.

Цель исследования – определить его роль в развитии национального воспитания путем дифференциации педагогических методов, используемых в дисциплине Абаеведение. В исследовании применялись методы педагогического опыта, контент-анализа, сравнительного анализа и интерактивного обучения, оценивалось влияние наследия Абая на развитие творческих способностей и критического мышления учащихся.

Проведен контент-анализ школьных программ и учебников, организованы опросы и интервью между учащимися и учителями. В педагогической практике изучена эффективность интерактивных технологий и проектных методов обучения произведениям Абая.

В статье отражен воспитательный потенциал педагогических идей Абая, через его произведения изучены пути воспитания у учащихся трудолюбия, справедливости и уважения к национальным ценностям. Результаты исследования показали, что дисциплина абаеведения способствует сохранению национальной культуры и интеграции ее в глобальную цивилизацию. В заключении отражено место наследия Абая в системе образования и роль в укреплении национального самосознания молодежи.

Ключевые слова: Абаеведение, педагогические методы, национальное воспитание, духовное развитие, система образования.

*G. T. Kurmangalieva¹, S. M. Kartaeva², B. D. Zhumakayeva³

^{1,2}S. Amanzholov East Kazakhstan University,

³University Suleiman Demirel,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 07.02.25.

Received in revised form 24.02.25.

Accepted for publication 03.08.26.

PEDAGOGICAL PRINCIPLES OF TEACHING THE DISCIPLINE OF ABAY STUDIES

The article analyzes the pedagogical foundations of teaching Abay studies and its significance in the educational system. The works of Abay Kunanbayev are considered as a tool that contributes to the spiritual, intellectual and moral development of the younger generation. The role of the concept of "complete human" in the modern educational process is especially emphasized.

The purpose of the study is to determine its role in the development of National Education by differentiating pedagogical methods used in the subject of Abay studies. The study used pedagogical experience, content analysis, comparative analysis and interactive teaching methods, and assessed the impact of Abai's heritage on the development of students' creative abilities and critical thinking.

Content analysis of school programs and textbooks was carried out, questionnaires and interviews were organized between students and teachers. In pedagogical practice, the effectiveness of interactive technologies and project methods in teaching Abay's works was studied.

The article shows the educational potential of Abai's pedagogical ideas, and through his works the ways of educating students in hard work, justice and respect for national values are studied. The results of the research showed that the subject of Abay studies contributes to the preservation of national culture and its integration into global civilization. The results indicate the place of Abai's heritage in the education system and the role of youth in strengthening national consciousness.

Key words: Abay studies, pedagogical methods, National Education, spiritual development, education system.

Теруге 03.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 14.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,45 МБ

Шартты баспа табағы 49,9

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4597

Сдано в набор 03.08.2026 г. Подписано в печать 14.09.2026 г.

Электронное издание

6,45 МБ, Усл.п.л. 49,9.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4597

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 133 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 133 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz